

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Қарабұлақ ауылдық округінің Қарабұлақ ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № 7 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 мамырда № 7055 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң                    е с к е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 209 ұсынысы негізінде Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ирі-қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округінің Қарабұлақ ауылына белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № 7 "Қарабұлақ ауылдық округінің Қарабұлақ ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2019 жылдың 24 маусымында № 6035 болып тіркелген, 2019 жылғы 29 маусымда "Достық" газетінде жарияланған және 2019 жылдың 28 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;
- 3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі*

*Д. Бекбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК